

«Жамбыл облысы әкімінің білім басқармасы Талас ауданының білім
бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын»

«Айналайын» ересек топ

«8 Наурыз!»

Тәрбиеші: Ж. Жұмағұлова
Ә.Жаназарова

Талапты ауылы
2022-2023 оқу жылы

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

8 НАУРЫЗ

(«Анаға сәлем» әнімен балалар залға кіреді)

Тәрбиеші: Армысыздар аяулы аналар!

Армысыздар мейірімді әжелер!

Армысыздар қызғалдақтай құлпырған қыздар!

Ана десем сезім билер тым ыстық,

Жарасады адамдарға туыстық.

Бар адамға берсе ананың мейірімін,

Орнар еді бар әлемде тыныштық.

Аяулы аналар,ардақты әжелер, сүйкімді қыздар барша қонақтар сіздерді ақбөпе тобының бүлдіршіндері 8-наурыз аналар мересімен құттықтаймыз!Ия балалар көктемнің алғашқа күнінен бастап, әлемдегі барлық тіршілік иелері өзгеріске ұшырап табиғатымыз құлпырып ,күніміз ана мейіріміндей жылуын шышып ,бар әлем ғажап күйге енеді. Осы ғажап дүниемен бірге аналар мен әжелер,қыздар мерекесін де келіп жетті.Ендеше бүлдіршіндердің аналарына арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

1.Жансезім

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз.

Бізді ана қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз.

2.Даяна

Бізге қарап елжіреп,

Сүйсе беттен күнім деп,

Құшақ ашса келші деп,

Жүгіреміз күлімдеп.

3.Айсұлтан

Мәпелейсің мені анам

Қолыңдағы құсындай

Құлпыра өсіпдеп алам

Құшағында қысылмай.

4.Инабат

Жарқын жүзді жан анам

Сендей болсын бар адам
Сендей болса бар адам
Шаттық кетпес баладан.

5. Көркем

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ анам.

Жүргізуші:

Шалқып ,тасып әніміз
Жадырасын жанымыз
Ана сені құттықтап
Әндетеміз бәріміз.дей отыра әнімізді қабыл алыңыздар.

Ән «» (Аяла)

6. Бақытжан

Құтты болсын ақ анам
Сегізінші наурызың
Қасымда бол әр қашан
Жансын жарық жұлдызың.

7. Аяла

Бәріңіз де анасың
Біз үшін күн боп жансың
Құтты болсын мейрамың
Құттықтаймын анашым.

8.Сабина

Жүре берсем қасымда
Әйбат анам, әй анам
«Ботам» деген даусыңнан
Мен мәз болып оянамын.

Жүргізуші: Әр баланың жүрегі ана деп соғады. Анаға деген махабатын
әнмен Инабат қызымыз жеткізбек, қабыл алыңыздар!

Ән «Ақ анам» (Инабат)

Жүргізуші: Мың бұралып билейтін, аналарға арналған қыздарымыздың биін
қабыл алыңыздар!

Би «Көбелектер» қыздар

Ән: «Әже» (Іңкәр)

Би «Кір жуып көмектесеміз» ұлдар

9. Мерейлім

Ақ анашым, аппағым
Өзің жайлы таппағым
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрінде.

10. Іңкәр

Ақ жаулықты әжемді
Ай жүзіне теңедім
Мейірімі таусылмас
Күн нұрына теңедім.

11. Хантөре

Мен анамды сүйемін
Сөзін ойға түйемін
Анашым ардақтап

12. Дәулетхан

Үн қатасың бал тіліңмен,
Еркелеймін әр күні мен.
Құттықтайын анашым,
8 наурызбен!

13. Иманғали

Айтсаң болды тіл алам,
Әйбат мамам, ақ мамам.
Сені көрсем қуанам
Сен керексің қайда да

Ән: «Көктем келді» (Көркем)

Би «До-ре-ми.....» қыздар

Ойын: «Даусынан таны»

Жүргізуші: Шынын айтатын болсақ, менің күмәнім болған жоқ, аналардың өз балаларын табатынына, өйткені оларды өте жақсы көреді ғой. Қане, балалар, тұрыңдар!

Хор: «Әсем байтақ даламыз!»

Жүргізуші: Әлемде өзгермейтін үш ақ нәрсе: Ол ананың ақ сүті
Ол күннің ақ нұры
Ол сәбидің күлкісі!

Мерекелеріңізбен!

Жүргізуші:

Міне ардақты аналар, ақ жаулықты әжелер, қызғалдақтай құлпырған қыздар
міне біздің сіздерге арнап әзірлеген ертеңгілігіміз өз мәресіне де келіп жетті.

Аналарды сүйеміз

Ақылын ойға түйеміз

Әжені де ардақтап

Әдеппен бас иеміз.

Дей отыра сіздерге Көктемдей көтеріңкі көңіл, күннің шуағындай мейрім,
отбасыларыңызға қуаныш пен шаттық, деңдеріңізге саулық ,
балаларыңыздың езуінен күлкі кетпесін дегіміз келді.

